

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1765 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында банктерді еріксіз тарату ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 28 қазандағы N 421 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 24 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2712. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 40 (V064181) қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 40 қаулысымен.*

---

Екінші деңгейдегі банктерді еріксіз таратуды жүзеге асыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында банктерді еріксіз тарату ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 28 қазандағы N 421 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1765 тіркелген, 2002 жылғы 25 ақпан - 10 наурызда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында банктерді еріксіз тарату ережесінде:

кіріспесіндегі "арнайы басқарушының өкілеттіктері мен міндеттерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк)" деген сөздер "қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Қазақстан

Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы", "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.";

3-тармақтың 2) тармақшасында, 4-тармақтың 1) тармақшасында, 5, 14-тармақтарда, 21-тармақтың екінші абзацында, 32, 34, 36, 57-тармақтарда, 76-тармақтың 3) және 4) тармақшаларында, 7-тараудың атауында, 79, 80, 81 және 92-тармақтарда "Ұлттық Банк", "Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банк", "Ұлттық Банкке" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органның" "уәкілетті орган", "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

2) тармақша алынып тасталсын;

3) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) тарату комиссиясы - еріксіз тарату туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган тағайындайтын (босататын), тарату процесінде банктің істерін аяқтау және оның кредиторларымен есеп айырысуды қамтамасыз ету мақсатында банктің мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыратын о р г а н ;

5) кредиторлар талаптарының тізілімі - уәкілетті орган бекіткен, кредиторлардың белгіленген мерзімде өтініш жасалған және тарату комиссиясы таныған талаптарын, сондай-ақ депозиттерге ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жөніндегі ұйымның еріксіз таратылатын банк ұсынған есепке сәйкес сома көлемінде өтеуді төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындау жөніндегі болашақ талаптарын көрсететін құжат;"

6-13-тармақтар алынып тасталсын;

20-тармақтың екінші абзацының мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Ұлттық Банктің банктің уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімшілік басқарушысының) және тарату комиссиясының құрамына енгізілген қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жағдайларын қоспағанда Ұлттық Банктің банкті еріксіз тарату жөніндегі шығыстарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми баспасөз басылымында банкте мүлік болмаған не егер оның құны осы шығыстарды өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайларда банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот қабылдаған шешім туралы жариялау шығыстарын өтеу үшін қаржыландыруға тыйым салынады.";

21-тармақтың төртінші абзацы "жұмсауға" деген сөзден кейін ", сондай-ақ тарату комиссияларының еңбегіне ақы төлеуге арналған қаражатты екі айдан аспайтын мерзімге резервтеуге" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толықтырылсын:

"21-1. Еріксіз таратылатын банктің тарату комиссиясының төрағасына, мүшелеріне және өзге тартылған қызметкерлерге төленетін сыйақының ай сайынғы мөлшері олардың әрқайсысына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының он еселеген мөлшерінен аспауы тиіс.";

22-тармақтың бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап оған таратылатын банктің мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттік өтеді.

Тарату комиссиясы он күндік мерзімде уақытша әкімшіліктен (уақытша әкімшілік басқарушысынан) банктің банк операцияларын жүргізуге лицензияларының түпнұсқаларын, мүлкін және құжаттарын қабылдау-өткізу актісі бойынша қабылдайды.";

24-тармақ алынып тасталсын;

32-тармақтағы "заңда" деген сөз "заңдарда" деген сөзбен ауыстырылсын;

3 3 - т а р м а қ т а :

1 ) т а р м а қ ш а д а :

"банкті тарату ісі басталған кезден бастап" деген сөздер "банктің тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап" деген сөздермен ауыстырылсын;

"орталық әділет органдарында" деген сөздер Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "арнайы басқарушысынан" деген сөздер "уақытша әкімшіліктен (уақытша әкімшілік басқарушысынан)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақшадағы "банкті тарату ісі басталған кезден бастап" деген сөздер "банктің тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшадағы "тағайындау" деген сөзден кейін "уәкілетті органның тағайындауы" деген сөздермен толықтырылсын;

18) тармақшадағы "кредиторлардың тізіліміне" деген сөздер "кредиторлар талаптарының тізіліміне" деген сөздермен ауыстырылсын;

21), 22) және 23) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"21) уәкілетті органның талап етуі бойынша тарату өндірісіне қатысты мәліметтер береді;

22) тарату туралы есеп, банктің тарату балансын жасайды және оларды келісу үшін уәкілетті органға жібереді;

23) банкті тарату аяқталғаннан кейін құжаттарды сақтау үшін белгіленген тәртіппен мұрағатқа өткізеді және бұл туралы уәкілетті органға хабарлайды;"

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Уәкілетті орган берген лицензиялардың түпнұсқалары тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға қайтарылады.";

35 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Таратылатын банктің ағымдағы шоты оның Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті филиалындағы бас офисі орналасқан жерде ашылады."; екінші абзацтағы "ағымдағы есепшоттарына" деген сөздер "ағымдағы шотына" деген сөздермен ауыстырылсын;

41-тармақтағы екінші сөйлем алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 45-1-тармақпен толықтырылсын:

"45-1. Банктің тарату конкурстық массасына ипотекалық облигациялар бойынша мынадай қамтамасыз ету болып табылатын кепіл мүлкі кірмейді: ипотекалық тұрғын үй заемы шарттары бойынша талап ету құқықтары (ипотекалық куәліктерді қоса алғанда), сондай-ақ аталған облигацияларды меншіктеу құқығы ұстаушыларда туындаған немесе оларға мәмілелер не Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге негіздер бойынша өткен жағдайларда мемлекеттік бағалы қағаздар. Аталған мүлікті тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңдарына сәйкес ипотекалық облигациялардың кредитор-ұстаушыларымен есеп айырысу үшін ипотекалық облигацияларды ұстаушылардың өкіліне өткізеді.";

46-тармақтағы "азаматтық заң нормаларына сәйкес" деген сөздер "тепе-теңдік принципі сақтала отырып кезектілік басталған кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

55, 57, 59, 68, 72 және 86-тармақтардағы "кредиторлар тізілімі", "кредиторлар тізілімін", "кредиторлар тізіліміне", "кредиторлар тізілімінің" деген сөздер "кредиторлар талаптарының тізілімі", "кредиторлар талаптарының тізілімін", "кредиторлар талаптарының тізіліміне", "кредиторлар талаптары тізілімінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"58. Аралық тарату балансы және кредиторлар талаптарының тізілімі жасалғаннан кейін тарату комиссиясы оларды бекіту үшін уәкілетті органға береді.";

59-тармақтың төртінші абзацы алынып тасталсын;

60-тармақтағы "соттың" деген сөз "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

61-тармақ алынып тасталсын;

71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"71. Кредиторлар комитеті құрамының тізімін тарату комиссиясы аралық тарату балансы және кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілген күннен бастап он күндік мерзімде қалыптастырады, тарату комиссиясының төрағасы қол қояды және бекіту үшін жедел түрде уәкілетті органға жіберіледі.";

73-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Кредиторлар комитеті мүшесінің талаптары толық қанағаттандырылған жағдайда, ол кредиторлар комитетінің құрамынан шығарылады. Бұл жағдайда тарату комиссиясы кредиторлар комитетінің тізімін бекіту үшін кейіннен уәкілетті органға бере отырып кредиторлар комитетінің құрамын өзгерту жөніндегі жұмысты жүргізеді.";

7 6 - т а р м а қ т а :

5) тармақшадағы "өкілін" деген сөз "өкілдерін" деген сөзбен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы "тарату" деген сөздің алдында "банктің қаржылық жай-күйін ескере отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақша алынып тасталсын;

8 0 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) еріксіз таратылатын банктің тарату комиссиясын тағайындайды;"

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) банктің тарату комиссиясы еріксіз таратылатын банктің келісу үшін ұсынған аралық тарату балансын және кредиторлар талаптарының тізілімін б е к і т е д і ;

3) банктің тарату комиссиясы ұсынған кредиторлар комитеті құрамының т і з і м і н б е к і т е д і ; "

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) тарату комиссиясы ұсынған еріксіз таратылатын банкті тарату туралы есепті және тарату балансын қарайды және келіседі;"

81-тармақтағы "және бұл жөнінде банкті еріксіз тарату туралы шешім қабылдаған сотқа хабарлайды" деген сөздер "және ұйғарымның орындалу мерзімін белгілейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

89 және 90-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"89. Таратылатын банктің кредиторларымен және акционерлерімен есеп айырысу аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы уәкілетті органмен келісілген тарату туралы есепті және тарату балансын сотқа ұсынады.

Сот тарату туралы есепті және тарату балансын бекітеді және тарату өндірісінің аяқталғаны туралы ұйғарым шығарады.

